

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР, ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.04.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/93760/>**Жумадилов Нуржан Болатбайұлы****«МДШО бар №9 орта мектеп» КММ, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі****Алматы облысы, Талдықорған қаласы**

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы білімге қолжетімділігін, жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Республикамызда мектептегі білім беру жаңа кезеңге көшуде.

Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуде бастауыш сыныптардағы дене шынықтыру пәнін жүргізуде тиімді әдіс-тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындады. Бүгінгі таңда 1 сыныптарда дене шынықтыру пәні жаңа мазмұнда жасалған «Дене шынықтыру» бағдарламасының мақсаты оқушыларды денешынықтырудың негіздерімен таныстыру болып табылады, нақты айтқанда, олардың спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене шынықтыру (физикалық) қабілеттерін меңгеруімен қатар, салауатты денені шынықтырудың дамуына ықпал етеді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша бағдарлама кезең-кезеңімен жүзеге асырылады оқу жоспары ұсынылған, бұл жоспар оқушылардың физикалық іс-әрекеттің түрлері бойынша білімдерін, түсініктерін және дағдыларын дамытуға ықпал етіп, сол уақытта олардың жеке гигиена, психикалық денсаулық және салауатты өмір салтының қағидалары сияқты аспектілер тұрғысында жалпы дамуын жақсартуға ықпал етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыларды оқытуға арналған оқу бағдарламасы келесі міндеттерді іске асырады.

1. Дене денсаулығының және рухани денсаулықтың негізін қалайды.
2. Оқушыларды өздерінің физикалық және психологиялық денсаулықтарын

түсінуге және нығайтуға ынталандырады.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасалған.
4. Оқушылардың қозғалыс дағдыларының дамуы, атап айтқанда, олардың төзімділігін, ширақтылығын, күшін, ептіліктерін және икемділігін дамытуға әсер етеді.

Қожанов Ғани Әлиханұлы,

Қызылорда облысы Қазалы ауданы

№170 орта мектептің дене тәрбиесі пәні мұғалімі

Дене шынықтыру» пәнін оқыту оқушыларға:

- а) пән туралы білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға;
- б) қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және оқушылардың дене дамуын жетілдіру қажеттіліктерін бағалауға;
- в) адамгершілік қасиетін дамытудың маңыздылығын түсінуге және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге;
- г) жеке гигиена туралы ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге;
- д) дене қимыл-қозғалыс жаттығулары адамның дене жүйелеріне әсерін білуге;
- е) өзінің және басқалардың дене жағдайын бағалауға;
- ж) сыни тұрғыдан, шығармашылық ойлау қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жаңартылған оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер: Ортақ тақырыптар арқылы оқыту – «Дене шынықтыру» оқу пәнінің ортақ тақырыптарының мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренеді. Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту – оқу үдерісінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі

арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдынала көре білуіне, өзбетіндік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын таңдауына мүмкіндік беріледі. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері «Дене шынықтыру» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процессін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалаудың негізгі функциялары: қалыптастыру – тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту, ынталандыру – оқушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау; уәждеу – оқушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту.

Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

1. оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру;
2. оқушыларға жүйелі түрде кері байланыс ұсыну;
3. оқушыларды мақсатты түрде оқуға уәждеу;
4. оқушыларға олардың жұмысының сапасы туралы ақпарат ұсыну;
5. мұғалімдерге оқушылардың алға ілгерілеуі туралы ақпарат ұсыну;

6.а та-аналарға балаларының оқу нәтижелерінің деңгейі туралы ақпарат ұсыну. Осылайша, тиімді оқыту және оқу мақсатында оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін олардың оқу мақсаттарына жеткендігінің немесе алға ілгерілеуінің деңгейі қадағалануы тиіс. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімін/ортақ тақырыпты, тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының нәтижесін бағалау арқылы жүргізіледі. Бұл белгілі бір кезеңнің соңында (тоқсан, жартыжылдық, оқу жылы, орта білім алу) балл мен баға қою арқылы жүргізілетін бағалау түрі. Әр бақылау жұмысының құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты белгілі бір сынып және пәнге арналған тест спецификациясынан табуға болады. Тест спецификациясында сонымен бірге мұғалімдерге түрлі дағдылар қалай бағаланатыны түсінікті болу үшін сұрақтардың үлгілері мен баға қою жүйесі ұсынылады. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Сондай-ақ,

«Дене шынықтыру» пәнін оқытуда критериалды бағалауды қолдану» тарауында бағалау стратегиясы анағұрлым толық қарастырылатын болады. Сонымен қатар педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс-тәсілдер, проблема шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың ағзасын дамытуға және оның дене белсенділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірден-бір пән. Оқушылар түрлі жаттығуларды орындауға, дене қабілеттері дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік беретін жанжақты құрастырылған оқу бағдарламасы арқылы аталған міндетке қол жеткізуге болады. Нәтижесінде оқушының бойында дене тәрбиесі жаттығуларының адам ағзасына тигізетін оң әсері туралы білім жүйесі қалыптасады. Ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, барлық дене сапаларын жетілдіру-дене шынықтыру пәнінің басты мақсаты болып табылады. Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі- белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру – спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі. Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылуы деңгейі. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғышарттарын, шарттары мен нәтижесін атаймыз. Қызмет теориясында (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев) сәйкес, адамның белсенділігі-сана тәуелді факторлардың бірі. Бұл жағдайда білім, уәж, қажеттіліктер, мүдде мен мақсат сияқты санаттардың көмегімен сана іс-шараларды бағыттап және басқарып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік,

спорттық-патриоттық журналы, 2016

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.